



«Батыс- Алтай мемлекеттік табиғи қорығы» РММ  
«Парктер шеруі-2022» табиғатты қорғау акциясы аясында *суреттер мен қолдан жасалған бұйымдар* байқауын жариялайды

« 2022 ЖЫЛ ҚҰСЫ - БҮЛБҮЛ », «ЖАТАҒАН ҚЫЗҒАЛДАҚ», «СІЛЕУСІН»

**Байқауды өткізудің мақсаты** – тірі табиғатқа деген позитивті қатынас қалыптастыру және шығармашылыққа баулу. Балалар мен ересектердің шығармашылығы мен көркемдік қиялын дамытуға ықпал ету.

**Міндеттері:**

- ✓ көркем шығармашылықты дәріптеу;
- ✓ конкурсқа қатысушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- ✓ балалар мен ересектер арасында дарындыларды анықтау және қолдау;
- ✓ экологиялық сананы қалыптастыру және табиғатқа деген сүйіспеншілікті насихаттау

**Байқау алаңы:** Батыс-Алтай мемлекеттік табиғи қорығының мұражайы

**Қатысушыларға қойылатын талаптар:** мектепке дейінгі балалар, оқушылар, студенттер және жас шектеулері жоқ барлық ниет білдірушілер байқау қатысушысы бола алады. Байқауға аталған тақырып бойынша суреттер мен қолдан жасалған бұйымдар (кәдесыйлар) қабылданады.

**Байқауды өткізудің мерзімі мен тәртібі:**

Өтінімдер мен материалдарды қабылдау 20.05.2022 ж. дейін (қоса)

Бағалау кезеңі 23.05 мен 03.06.2022 ж аралығында.

Марапаттау 07.06.2022 ж. бастап (естелік сыйлықтар мен мадақтамалар)

**Жіберілетін жұмыстарға қойылатын талаптар:**

1. Жұмыстар байқауға қатысушының өздігімен орындалуы керек. Жұмыс қатысушының жасына сай болуы керек, ересектер тек көмек көрсетіп, тәлімгер ғана бола алады.
2. Байқауға **суреттер, қолөнер бұйымдары** қабылданады.
  - а. Суреттер кез-келген сурет техникасында (акварель, тушь, түрлі-түсті қарындаштар, борлар, акрил, гуашь), кез-келген материалда (ватман, картон, кенеп және т.б.) орындалуы мүмкін.
  - б. бұйымдар (кәдесыйлар) 50 см-ден аспауы және кез келген материалдан (табиғи, минералды, қалдық, мүсіндеуге арналған материалдар және т.б. қолдана отырып) орындалуы және кез келген техникада орындалуы мүмкін.

3. Байқауға ұсынылған әрбір жұмысқа жеке өтінім толтырылады.

Байқауға түскен жұмыстар қайтарылмайды. Байқауға жіберілген барлық материалдар авторға сілтеме жасай отырып, қорықпен қолданыла алады.

### Байқау жұмыстарын бағалаудың критерийлері

- ✓ Идеяның (шығармашылық) түпнұсқалығы
- ✓ Жұмыстың байқау тақырыбына сәйкестігі
- ✓ Автордың қиялының байлығы мен шығармашылық көзқарасы
- ✓ Көркем бейненің тұтастығы
- ✓ Стандартты емес орындау техникаларын және көркем материалдарды қолдану
- ✓ Тақырыптың өзектілігі мен ашылуы
- ✓ Жұмыстың автордың жасына қатынасы (жас санаттары: 3 жастан 6 жасқа дейін; 7 жастан 11 жасқа дейін; 12 жастан 18 жасқа дейін; 19 жастан жоғары).  
Жұмыстың рәсімдеу талаптарына сәйкестігі

Белгіленген мерзімде FMЭАЖТ бөлімінің электронды поштасына өтінімді **жолдау қажет:**  
[epit\\_zagpz@mail.ru](mailto:epit_zagpz@mail.ru).

*Ескерту: жауап ретінде сіз байқауға жұмысыңыздың қабылданғаны туралы растау хатын алуыңыз керек, егер Сіз жауап ала алмасаңыз, бізге хабарласыңыз.*

Өтінім нысаны

### ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ

1	Байқау атауы «Сілеусін», «2022 жыл құсы – Бұлбұл», «Қызғалдақ»	
2	Сурет немесе колөнер бұйымы	
3	Қатысушының аты-жөні	
4	Оқу орнының немесе ұйымның толық атауы (қысқартусыз)	
5	Жасы, сыныбы	
6	Ұялы телефоны	
7	Мадақтама немесе мақтау қағазын жіберу үшін E-mail поштасы	

### Шығармашылық байқаудың жеңімпаздарын марапаттау

Байқау комиссиясының қорытындысы бойынша жеңімпаздар (I, II, III орындар) анықталады. Жұмыстар жас санаты бойынша бағаланады. Байқау комиссиясы жұмыстарды қарау мерзімдерін өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Жеңімпаздар санатына енбеген қатысушылар қатысқаны үшін сертификат алады. Жетекшілері (кураторлары) алғыс хаттар алады. Құжат электронды түрде жіберіледі, қол қойылады және мөр басылады! Мадақтамаларды табыстау және тарату байқау қорытындысын шығарғаннан кейін болады.

**Мекен-жайы:** Шығыс Қазақстан облысы,  
Риддер қаласы  
Семипалатинский көшесі, 9

E-mail: [epit\\_zagpz@mail.ru](mailto:epit_zagpz@mail.ru)  
Жұмыс тәртібі: дүйсенбі-жұма 08:00-17:00  
**Телефоны:** 8 (723) 367-72-87

**Сіздерге сәттілік және байқауға сәтті қатысуды тілейміз!**  
Құрметпен, «Ғылым, мониторинг, экологиялық ағарту және туризм» бөлімі